

ӘОЖ 930.85

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ САУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Тлспаева Аида Болатбековна

tlspaeva97@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қайыркен Т.З.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас ежелден бері келе жатқан, сан түрлі қиындықтарға қарамастан тұрақталып, екі елге де экономикалық пайда әкелуде. Екі елдің достығы мен тату көршілігі оңайлықпен келе қойған жоқ және оның да өзінің тарихы бар.

Ерте заманнан бері қазақтар мал шаруашылығы, астық, мата сияқты күнделікті тауарларды өндіріп, сауда байланыстарын жасаған. Сауда байланыстары Қазақ хандығының өмірінде маңызды орынға ие. Сауда арқылы басқа көрші елдерімен байланыс орнатқан. Сондықтан да сауда-саттық хандықтың саяси және экономикалық байланыстарында орны ерекше. Ұлы Жібек жолы ежелден сауда магистралы ретінде қалыптасты.

Қазақ хандығы (оңтүстік бөлігі) Жібек жолы жүйесіне кірген кезде, оның аумағында ежелден көптеген көшпелі тайпалар мен отырықшы халықтар өзіндік мәдениетін қалыптастырды. Түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі отырықшы және көшпелі халықтың өмірін байытты. Бұл Қазақстан мен Орта Азия халықтары құрған өркениеттердің жемісі, жылдар бойы қалыптасқан еңбегі. Сонымен, б. з. б. VI - III ғғ. қазақтар Қытаймен, Үндістанмен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы орын алды. Ұлы Жібек жолы бойында Сыр жіне Жетісу өңірінде орналасқан қалаларды тауарайналымы қарқынды жүрді. Атап айтсақ, олар Түркістан, Созақ, Сауран, Отырар, Сайрам қалалары. Бұл қалалар өз кезегінде Батыс пен Шығысты байланыстыратын сауда-саттық орталық бекеттеріне айналды. Осындай сауда орталықтарында күнделікті пайдалынатын қажетті тауарлар астық, мақта, мата сияқты және тағы да басқа бұйымдар болды.

XV - XVII ғасырларда Сыр бойындағы Отырар, Түркістан сияқты қалалар Қытаймен торғын - торқа, шәй, дәрі саудасын, сонымен қатар тұрмысқа қажетті тапшы тауарлармен

сауда жасасқан. Осы кезеңде тауар айырбастау саудасының жүруін айғақтайтын археологиялық қазбалар саналады. Сол дәуірге жататын Түркістан мен Отырар қалаларында табылған күміс және мыс теңгелері табылған. Бұл өңірлерде сауда айырбасы жақсы жүргенін айғақтайды. XVII ғасырдың бас кезінде Ташкентті билеп тұрған Тұрсын Мухаммед хан да өз атында ақша шығарған. Сол кезде мыс және күмістен жасалған ақшаларға жазу жазылмай, аң, құс, балық жануарлардың бейнесі түсірілген және қазақ тайпаларының сол кездегі таңбасы көрсетілген. бедерленген және қаза тайпаларының таңбасы түсірілген.

XV - XVII ғасырларда Қытайдан Қазақ далас тасылған тауарлардың ішінде жібек торқадан басқа, сол кезде ел назарын ерекше аударған дахуаң мен әр түрлі шайлар айрықша орын алды. Бұдан XV ғасырдың бас кезінде қытайы жібек өнімдері мен дахуаңнан жасалған дәрі-дәрмектердің Орта Азияға көптеп әкелінгендігін байқаймыз.

XVII - XVIII ғасырда қазақ жерінде жоңғар шапқыншылығынан кейін жоңғарларға тәуелді болып, Қытаймен біраз уақытқа дейін сауда-саттығын жүргізді. Бұл кездегі сауда-саттық үкіметаралық және жеке деген екі түрі болды. Үкіметаралық саудада Шиң үкіметінің қазынасындағы шай, мата сияқты тауарларды сауда керуені жолға шыққаннан кейін, оған жақын өлкелер қалаларға тасыған. Жеке саудада үкіметтің ірі саудагерлерді саудамен өзі айналысты.

1761 жылғы маусымнан бастап желтоқсанға дейін қазақтармен сауда алмасу олардың келмеуіне байланысты тоқтап қалды. Мұның себебін боғдыхан «пайда табуға деген ниет» деп түсіндірді. Шамасы, қазақтар қытай билігі тарапынан ұсынылған баға бойынша мал басын сатқысы келмеген шығар. Бұл фактіге қарамастан, экономикалық және саяси тәртіптің жағымсыз салдарларын ескере отырып, Цин үкіметі барлық ескертулермен қазақтар әкелген малдың сатып алу бағасын көтеру мүмкін еместігі туралы өзінің бұрынғы нұсқауларын жоққа шығарды.

Осылайша, қазақтармен сауда жасау арқылы Цин үкіметі саяси және экономикалық екі жақты міндетін шешуге үміттенді. Біріншіден, қазақ иелерін өзінің жағына қарай тарту. Екіншіден, Қытайда сұранысқа ие емес тауарлардың нарығын қамтамасыз ету және сол арқылы жылқылардың қажеттілігін өтеу. Ал олар Шыңжаңға өте қажет болды.

Цин әкімшілігінің қазақ жылқыларына деген қызығушылығы, ең алдымен, олардың бағасының салыстырмалы түрде арзан болуына байланысты болды. 1761 жылғы мәліметтер бойынша, ішкі нарықта сатып алынған бұқа мен есек қазақтардан сатып алынған екі жылқыға тең болды. Сондықтан, 1761 жылғы 1 мамырдағы қаулыға сәйкес, жергілікті билік органдарына Шэньсу, Ганьсу, Хами, Баркөл провинцияларында Жоңғарияның елді мекендері үшін мал сатып алуды тоқтату туралы бұйрық берілді. Осылайша, қазақтармен сауда байланысын орнату ісін сарай жаулап алған жерлерді дамытудың негізгі шарттарының бірі етті.

Қазақтармен сауда байланысында монополияны өз қолына ала отырып, Цин билігі бұл айырбасты негізінен Жоңғария аумағында шектеп, оны бақылауға алуды көздеді.

XVIII ғасырдың аяғындағы мәліметтерге сәйкес, жалпы саны 105 мың отбасы деп есептелетін үш қазақ руының 15 бөлімі Қытаймен сауда жүргізген. Сонымен қатар, жалпы саны 300 мыңға жуық отбасы бар 40 қазақ руының 220 бөлімі Ресеймен сауда-саттық жасап отырған. XVIII ғасырдың 60-шы жылдарында Цин үкіметімен қарым-қатынасты қолдайтын қазақ билеушілері Ресей үкіметінің алдында Ертіс бойындағы бекіністерде сауда жасауға рұқсат сұрады. Осы тілектерді қабыл ала отырып, Ресей әкімшілігі Семей, Өскемен және Железинск бекіністерінде қазақтармен сауда жасау үшін айырбас орталықтарын ашты. Орыс-қазақ саудасын одан әрі дамыту, сөзсіз, Цин империясының аумағында қазақтардың жасайтын сауда көлемінің төмендеуіне әкелді.

Қазіргі күнге келетін болсақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас тарихи оқиғалардан кейін күшейе түсті деп нақты айта аламыз. Бұған дәлел ретінде Қытай Халық Республикасының мемлекетіміздің 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан кейін тәуелсіз мемлекет ретінде құттықтап, алғаш болып құттықтаған болатын. Ресми түрде Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас 1992 жылдың қаңтарынан басталады. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екі жақты тату көршілік өзара қарым-қатынастарды орнату және дамыту Еуропа мен Азия елдерінің қарқынды экономикалық өсуі мен жаңа геосаяси жағдайы кезеңінде егемен Қазақстанның сыртқы саяси халықаралық қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Қазіргі кезде, 1991-1992 жылдардағыдай Қазақстан аумағында өзіндік «Қытай бумы» байқалуда. Бұған себеп ретінде 1991 жылдан бастап қазіргі күнге дейінгі екі елдің арасындағы тауар айналымының 11 есеге өскені де өзіндік үлесін қосты деп айтуға болады. Бүгінгі күні Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы 8,7 млрд долларға жеткенін айтып өту қажет. Қазақстанның сыртқы тауар айналымындағы Қытайдың үлесі шамамен 16% - ды құрайды. Егер тасымалды сауда көлемін ескеретін болсақ, ҚХР үлесі 22% құрауы мүмкін, бұл тек ресми статистика, бейресми деректер 30% және одан да көп санды келтіреді[5, б.86]. Қытай мемлекеті экономикаға белсенді түрде еніп, аймаққа деген қызығушылығын айқын көрсетеді. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың жандануы екі жақты форматта ғана емес, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберінде де байқалады. Қалай болғанда да, Қытай ШЫҰ мемлекеттерін біріктіретін кеңістікте еркін сауда аймағын құру идеясының бастамашысы болып табылады. Ол сондай-ақ 2005 жылы ШЫҰ — ға мүше мемлекеттерге 900 миллионыншы сауда кредитін және 2008 жылы инфрақұрылымдық объектілерге 10 миллиард кредит бөлді. [6, б. 83] сауда байланыстарына келетін болсақ, ҚХР қарым-қатынаста басым. Және бұл әбден заңды. Қытайға қазақстандық экспорттың басты баптары - шикізат тобының тауарлары: кара және түсті металдар прокаты, металл сынықтары, мұнай, сондай-ақ былғары шикізаты, шитті мақта, жүн. Қазақстан Қытайдан дайын өнімді, ең алдымен, күнделікті сұранысқа ие тауарларды, механизмдерді, электр жабдықтарын, көліктік машина жасау өнімдерін және т. б. импорттайды. Сонымен қатар, Қазақстанға Қытай импорты көп жағдайда сапасы төмен тауармен сипатталады, ол өзінің төмен бағасы мен санына байланысты отандық өндірушімен бәсекелеседі.

Екіжақты экономикалық қатынастардың проблемалары көбінесе сан түрлі. Сондықтан шекаралас аудандарда өнеркәсіптік өндірістерді құру және дамыту елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту бағыттарының бірі болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, шекара маңындағы сауда мүмкіндіктерін тиімді іске асыру кезінде экономика өсуінің әсері айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Шикізат өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорындар құру және нарықтарды дайын өніммен жабдықтау экономикалық ынтымақтастықтағы өте перспективті бағытқа айналады. Бұдан басқа, бұл іс-шаралар тиісті инфрақұрылым құруды, яғни көлік және логистикалық көрсетілетін қызметтерді дамытуды талап етеді. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді жоспарда сауданы кеңейтуге, әсіресе шалғай елдермен сауданы географиялық бөлуді әртараптандыруға және осыған байланысты шығындарды азайтуға көмектеседі.

Жалпы, Қазақстан Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық қызығушылығының басты нысаны болып табылады. Посткеңестік кезең ішінде ҚХР-ның ҚР-ға қатысу ауқымы біртіндеп өсіп келеді және айтарлықтай болып көрінеді. Сонымен қатар, егер бастапқыда қытайлық экономикалық қызығушылық негізінен сауда саласына әсер етсе, бұл тек маңызды емес дәрежеде көлік-коммуникациялық байланыстардың дамуымен қатар жүрсе, бүгінде ҚХР-ның ҚР-дағы жобалық-инвестициялық қызметті жандандыру жөніндегі жүйелі күш-жігері айқын көріне бастады. Қазақстанда экономика салалары бойынша Қытайдың қатысуын әртараптандырудың барған сайын орнықты үрдісі байқала бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике А., 2008. 189 с.

2. См.: Реут О. Искусство стимулирования Китая // Евразийский дом. Информационно-аналитический портал, 23 апреля 2009 г.// eurasianhome.org/xml/t/expert.xml?lang=ru&nic=expert&pid=,

3. Азовский И.П. Внешнеторговые перевозки железных дорог Китая: сегодня и завтра // ivran.ru/library/view_edition.php?edition_id=54

4. Совместное казахстанско-китайское коммюнике // КАЗИНФОРМ, 12 января 2006 г. // <http://www.nomad.su/?a=3-200601120214>

5. www.stat.gov.kz

6 Непомнин О. Е. История Китая. Эпоха Цин. XVII – начало XX века. М., 2005. С. 377-382.

7 Балкашин Н. Н. Торговое движение между Западной, Сибирью, Средней Азией и китайскими владениями.- Зап. Заподно-Сибирского отделения ИРГО, Омск, 1881, кп. III.

8 Валиханов Ч. О состоянии Алтышара или шести восточных городов китайской провинции Нан-лу (Малой Бухарин) в 1858-1859 гг.-Зап. Российского Географического общества, Спб., .1864 кн. 3.

9 Васильев В. П. Две китайские записки о падении Кульджи и о занятии ею русскими.- Русский вестник, 1872, т. 99.

10 Гуревич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII –первой половине XIX в. М., 1979.